

ТІЛ ЖӘНЕ ЛИНГВИСТИКА
ЯЗЫК И ЛИНГВИСТИКА
LANGUAGE AND LINGUISTICS

ҒТАХА 16.21.47

DOI: <https://doi.org/10.62724/202540201>

Абдильманов Алтынбек Абуталиевич^{*1}

Филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
Батыс Қазақстан инновациялық – технологиялық университеті, Орал, Қазақстан,
altynbek10@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-3448-7251

ТЕРМИНОЛОГИЯНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ МЕН
ТЕРМИНТАНЫМ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Бұл зерттеу жұмысында терминология ғылымының ғылыми-теориялық негіздері мен терминтаным мәселелері жан-жақты қарастырылады. Зерттеу жұмысының мақсаты – терминологияның даму тарихын, оның тіл біліміндегі орнын және өзге елдердегі терминжасам үдерісі мен қалыптасқан ғылыми көзқарастарды саралап, түрлі ғылыми әдіс-тәсілдер арқылы ұғыну, қазақ терминжасаманың өзіндік табиғатын ашу. Зерттеу нәтижесінде қазақ терминологиясының тіл білімі мен жалпы ғылымдар шоғырындағы маңыздылығы, ерекшелігі айқын көрінді. Терминологияның тіл біліміндегі орны, оның пән ретінде оқытылуының маңыздылығы, теория мен практиканың байланысы, сондай-ақ терминжасам үдерісі мен құрылымдық ерекшеліктері талданған. Автор қазақ терминологиясының қалыптасу кезеңдері мен даму бағыттарын отандық және шетелдік терминтанушылардың ғылыми көзқарастары негізінде жүйелеп көрсетеді. Сонымен қатар, орыс және еуропалық терминологиялық мектептердің тәжірибесі салыстырмалы түрде қарастырылып, ұлттық терминқорды қалыптастырудағы ерекшеліктер айқындалған. Зерттеу барысында термин, номен, терминоид, арғытермин сынды ұғымдарға талдау жасалып, олардың ғылыми қолданыстағы айырмашылықтары нақты мысалдармен түсіндіріледі. Терминологияны жоғары оқу орындарында арнайы пән ретінде оқытудың өзектілігі дәлелденіп, білім беру жүйесіндегі тиімді әдіс-тәсілдер мен цифрлық ресурстардың рөлі атап көрсетіледі. Жұмыс терминология ғылымының құрылымы, әдіснамасы, терминжасам үлгілері және ғылым тілі ретіндегі функционалды қызметін ашуға бағытталған. Зерттеу барысында контент-талдау, салыстыру әдістері арқылы қазақ терминологиясының оқытылуындағы жаңаша өзіндік бағыттарын анықтау мүмкін болды. Сонымен бірге, термин стандарттау, біріздендіру, аударма және көптілді терминқор жасау мәселелері де зерттеу нысанынан тыс қалмаған. Терминологияның дамуындағы қоғамдық-саяси факторлар мен тілдік мәдениеттің ықпалы да ерекше назарға алынған, бұл жұмысқа тіл саясаты мен әлеуметтік қажеттіліктердің әсері кеңінен талданған.

Кілт сөздер. Терминология, терминтану, терминжасам, ғылыми стиль, арнаулы лексика, қазақ терминологиясы, терминологиялық жүйе.

Абдильманов Алтынбек Абуталиевич^{*1}

Кандидат филологических наук, ассоциированный профессор,
Западно-Казахстанский инновационно – технологический университет,
Уральск, Казахстан, altynbek10@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-3448-7251

НАУЧНО-ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ТЕРМИНОЛОГИИ И ВОПРОСЫ ТЕРМИНОВЕДЕНИЯ

Аннотация. Данное исследование рассматривает научно-теоретические основы терминологии и ключевые вопросы терминоведения. Анализируется роль терминологии в языкознании, её значение как самостоятельной учебной дисциплины, взаимосвязь теории и практики, а также процессы терминообразования и структурные особенности терминов. Автор систематизирует этапы становления и направления развития казахской терминологии на основе трудов отечественных и зарубежных терминологов. Приводится сравнительный анализ российских и европейских терминологических школ, выявляются особенности формирования национального терминологического ресурса. В работе проводится подробный анализ таких понятий, как термин, номен, терминоид, пратермин, с объяснением их различий на конкретных примерах. Обосновывается необходимость преподавания терминологии как специализированной дисциплины в вузах, рассматриваются эффективные методики обучения и роль цифровых ресурсов в современной системе образования. Исследование направлено на раскрытие структуры, методологии и моделей терминообразования в рамках терминологии как науки, а также на раскрытие её роли как языка науки. В работе также рассматриваются вопросы стандартизации терминов, унификации, перевода и создания многоязычных терминологических ресурсов. Особое внимание уделено влиянию социально-политических факторов и языковой культуры на развитие терминологии, а также анализу влияния языковой политики и социальных потребностей на эту область.

Ключевые слова. Терминология, терминография, терминообразование, научный стиль, специализированная лексика, казахская терминология, терминологическая система

Abdulmanov Altynbek Abutalievich*¹

Candidate of Philological Sciences, Associate professor,
West Kazakhstan University of Innovation and Technology, Uralsk, Kazakhstan,
altynbek10@mail.ru, ORCID ID: 0000- 0003-3448-7251

SCIENTIFIC AND THEORETICAL FOUNDATIONS OF TERMINOLOGY AND ISSUES OF TERMINOLOGY STUDIES

Abstract. This research examines the scientific and theoretical foundations of terminology and key issues in terminography. It analyzes the role of terminology in linguistics, its importance as an academic discipline, and the interrelation between theory and practice, as well as the processes of term formation and structural characteristics. The author outlines the stages of the development of Kazakh terminology and its current directions based on the perspectives of both domestic and international terminologists. Additionally, the experiences of Russian and European terminological schools are comparatively analyzed, highlighting the distinct features in the formation of national terminological resources. The study also provides an in-depth analysis of terms, nomens, terminoids, and proto-terms, clarifying their differences with concrete examples. The relevance of teaching terminology as a specialized subject in higher education institutions is demonstrated, with an emphasis on effective teaching methods and the role of digital resources in modern educational systems. The research aims to uncover the structure, methodology, and term creation models within terminology science, focusing on its function as the language of science. Furthermore, issues of terminology standardization, unification, translation, and the creation of multilingual terminological resources are also

examined. The influence of socio-political factors and language culture on the development of terminology is given particular attention, with an in-depth analysis of the impact of language policy and societal needs on the field.

Key words. Terminology, terminography, term formation, scientific style, specialized vocabulary, Kazakh terminology, terminological system

Кіріспе. Терминология – тіл білімінің маңызды салаларының бірі болып табылады және оның ғылыми пән ретіндегі оқытылуы тілдің ғылыми-техникалық әлеуетін дамытуда шешуші роль атқарады. Терминологияның пән ретіндегі маңызы ғылым мен техниканың түрлі салаларындағы тілдік құралдарды жүйелі түрде зерттеу, құрастыру және қолдану арқылы ұлттық тілдің функционалдық кеңістігін ұлғайтуда жатыр. Осы тұрғыдан, терминологияны жоғары оқу орындарында ғылыми пән ретінде оқыту және оның теориялық негіздерін жан-жақты зерттеу тіл саясатының басым бағыттарының бірі саналады [1].

Терминология пәнінің мақсаты – студенттерге және біліктілігін арттырушы мамандарға кәсіби тілдегі сауаттылықты қалыптастыру, терминологиялық жүйені түсінуге, ғылыми тілдік нормаларды меңгеруге мүмкіндік беру. Бұл мақсатқа жету үшін терминологиялық білім беру жүйесінде терминжасам әдістерін, терминдердің семантикасын, терминдік жүйелердің құрылымы мен заңдылықтарын зерттеу қарастырылады [2, 98].

Сонымен қатар, терминология теориясы мен практикасының сабақтастығы – ғылыми зерттеулерді қолдану арқылы терминдерді қалыптастыру мен бекіту әдістерін игеруді көздейді [3, 14].

Қазақстандағы жоғары оқу орындарында терминология курстары лингвистика, аударма ісі, тіл білімі және мамандандырылған сала курстары аясында енгізілген. Терминологияны оқытудың әдістемесі теориялық дәрістермен қатар, практикалық сабақтар, семинарлар, зертханалық жұмыстардан тұрады. Бұл әдістемелік кешен студенттердің терминологиялық жүйені қалыптастырудағы практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған [4, 43].

Сонымен қатар, қазіргі білім беру жүйесінде электрондық оқыту құралдары мен интерактивті платформалардың қолданысы терминологияны оқытудың тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқаруда [5, 96].

Зерттеу материалдары мен әдістері. Бұл зерттеуде терминология ғылымының түрлі аспектілері зерттеліп, оның әдіснамалық негіздері мен практикадағы маңызы қарастырылады. Терминологияны ғылыми пән ретінде зерттеудің материалдары мен әдістері төмендегідей құрылымда ұсынылған: Зерттеу барысында контент-талдау әдісін қолдану арқылы терминологиялық жүйелер мен терминдердің құрылымдық ерекшеліктерін талдау мүмкіндігі туындады. Бұл әдіс арқылы түрлі ғылыми мақалалар мен зерттеулердің мазмұнын талдап, терминологияның қалыптасуы мен дамуына әсер ететін факторлар анықталды. Сонымен қатар, терминдердің лексикалық мағынасы мен олардың ғылыми қолданысы зерттелді. Контент-талдау әдісі дереккөздердегі терминдердің жиілігін, мағыналық өзгерістерін және қолдану аясын жүйелі түрде саралап, олардың ғылыми тілде қолданылуын түсінуге мүмкіндік берді.

Терминологиялық мектептер мен жүйелердің ерекшеліктері мен бағыт-бағдарын елеп-екшеуде салыстырмалы әдісі өнікті қолданылды. Әсіресе қазақ және орыс терминологиялық мектептерінің ерекшеліктерін салыстыру үшін пайдаланылды. Бұл әдіс арқылы екі түрлі тілдің ғылыми-теориялық бағыттарындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтар анықталды. Қазақ және орыс тілдеріндегі терминдердің жүйелік құрылымы

мен терминжасам әдістері салыстырылып, әр тілдің ғылыми терминологиясына тән ұлттық ерекшеліктер мен тәсілдер айқындалды.

Зерттеу кезінде жүйелі әдіс терминдердің ішкі құрылымы мен олардың тілдік жүйедегі орнын анықтау мақсатында қолданылды. Бұл әдіс арқылы әр терминнің мағыналық кеңістігі мен оның белгілі бір терминологиялық жүйеге кіретін басқа элементтермен өзара байланысы зерттелді. Сонымен қатар, терминдердің қолданылуы мен дамуы барысында олардың бір-бірімен қатынасы, функционалдық және семантикалық құрылымдық ерекшеліктері анықталды.

Жұмыс кезінде теориялық және практикалық зерттеулердің салыстырмалы талдауылар да жасалынды. Зерттеудің теориялық негіздерін қалыптастыруда терминология ғылымының тарихы мен дамуы жөніндегі отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері талданды. Сонымен қатар, қазақ тіл біліміндегі терминология саласындағы маңызды ғалымдардың еңбектері қарастырылды. Олардың ішінде академик Әбдуәли Қайдар, Шерубай Құрманбайұлы, Ақмет Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы, Халел Досмұхамедұлы және басқа ғалымдардың зерттеулерінің нәтижелері маңызды болды. Бұл зерттеулердің негізінде терминологияның ұлттық тілдің ғылыми қызметін дамытудағы рөлі және терминжасам әдістерінің ерекшеліктері анықталды.

Нәтижелер және оларды талқылау. Терминтаным саласында қазақ тіл білімінде бүгінгі күні де көптеген ғылыми зерттеулер жүргізіліп келеді. XX ғасырдың аяғында академик Әбдуәли Қайдар терминологияның ұлттық тілдің ғылыми қызметін дамытудағы маңызын атап көрсетіп, терминжасам әдістерін, терминнің семантикалық құрылымын зерттеуге талпынса, [6, 11]. ғалым Шерубай Құрманбайұлы бұл мәселеге етене көңіл бөліп терминологияның теориялық негіздерін жүйелей алды, Ақмет Байтұрсынұлынан бастау алған қазақ тіл біліміндегі терминдік жүйені ұлттық ерекшеліктері тұрғысынан талдады [7].

Бұдан бөлек, қазіргі зерттеулер терминологиялық жүйелердің функционалды аспектілері, терминдердің жүйелілігі мен олардың терминологиялық бірліктер арасындағы қатынастарға мән берді [8, 42].

Дегенмен, терминология пәнін оқытудың бірқатар мәселелері әлі де күн тәртібінен түскен емес. Олардың ішінде мамандардың тапшылығы, оқу-әдістемелік құралдардың аздығы және терминологиялық білімнің практикалық бағытталуының төмендігі тағысын тағы. Бұл мәселелерді шешу мақсатында оқу бағдарламаларын жетілдіру, кадрлар даярлаудың сапасын арттыру, сондай-ақ халықаралық тәжірибелерді ескеру қажеттілігі туындап отыр [9, 101]. Сонымен қатар, ақпараттық технологиялардың енгізілуі терминологияны оқытудың жаңа деңгейін ашып, терминологиялық база мен электрондық сөздіктердің кеңеюіне ықпал етеді [10, 94].

Бұдан шығатын түйін - терминологияның ғылыми пән ретінде оқытылуы қазақ тілінің ғылыми-техникалық әлеуетін дамытуға, мамандардың кәсіби деңгейін көтеруге және терминологиялық жүйенің сапалы дамуына ықпал етеді. Бұл бағыттағы жұмыстың нәтижелі болуы терминология теориясы мен практикасындағы зерттеулерді жүйелендіру және білім беру үрдісін жаңғыртуға тікелей байланысты.

Терминология ғылымының арнайы пән ретінде дамуы мен теориясының мәселелеріне келер болсақ, терминология теориясы бүгінгі таңда әлемде аса күрделі мәселелердің бірі. Бүгінгі ғылымдағы түрлі даулы мәселелердің туындауы ғылымның дамуы және терминологияның түрлі салада қолданылуымен байланысты.

Қазақ терминологиясына ұзақ жылдар бойы түрлі деңгейде ықпал жасап келген, біздіңше, донор тіл ретінде қолданылған, орыс терминологиясының негізін салушылары деп ғылыми көпшілік, сөзсіз, Д.С.Лоттені, Г.О.Винокурді, А.А.Реформатскийді атайды. Ал терминологияның еуропадағы ошағын құрған, тұтас терминология ілімінің

теориясының негізін салушысы ретінде австриялық ғалым Ойген Вюстерді таниды. Сондықтан бұл ғалымдардың пікірін елеп-екшеусіз қалдыруға болмайды.

Вюстердің алғашында эксперанто қозғалысының белсенді мүшесі болғандығы белгілі. Осы орайда ғалым кәсіби қарым-қатынас тілін қатты қолдап, алғаш рет терминологияның басты белгілерін ғылыми көпшілікке алғаш ұсынған. Оның басты белгілері мыналар:

- Стандарттаудың амалдарын анықтау қажеттілігі;
- Терминдердің дамуын ғылыми тұрғыдан қатаң қадағалау (жоспарлау, біріздендіру, стандарттау) қажеттілігі;
- Халықаралық сипаттағы белгілерге басымдылық беру.

О.Вюстердің теориялық жұмысы техникалық терминдерді зерттеуге негізделген. Оның ойынша, техникалық сөздер белгілі бір тұжырымдарды білдіруі тиіс. О.Вюстер теориясы тіларалық қажеттіліктерді (аудару үшін) өтеу мақсатында болғандықтан жалпы терминологияның ерекшеліктерін, оның пән ретінде тереңдігін көрсете алмады [14, 95].

Бұл теория терминологияның мазмұнын, мәнін ашудағы бастапқы қадам болса да, оның мән-мағынасын толық әрі терең сипаттайтын теория деп саналмайтындығы жайында айтылып жүр.

Кеңес Үкіметі заманында жетпіс жыл бойы терминологияға қатысты сын-пікірлердің қабылданбауына байланысты терминологияның ғылыми пән ретінде дербес даму үдерісі жүрмеді. Басқа ғылыми пәндер секілді ғылыми-теориялық көзқарастар жүйелі түрде ұсынылмады. Тек XX-XXI ғасыр тоғысында ғана ғылыми көпшілік бұл мәселеге арнайы көңіл бөле бастады. Осыған дейінгі терминологияға деген көзқарас жекелеген салалардағы терминдердің қолданысына қатысты болса, ендігі кезекте терминология өзара дербес ғылыми пән ретінде қарастырыла бастады.

Терминологияның пән ретінде оқытылуы турасында айтқан кезде бұрын терминологияның дамуындағы бірқатар жайттарды атап, бұл ғылым саласының өзге елдердегі қалыптасу тәжірибесіне зер салу маңызды, ғылыми көзқарастар мен пікірлерге көңіл бөлген жөн.

Ресейлік ғалымдар орыс терминологиясының бастауын жеке ғылыми пән ретінде қалыптасуын Д.С.Лоттенің есімімен байланыстырып оның 1931 жылы жарық көрген «Техника терминдерінің біріздендірілуі және стандартталуы» бойынша жазылған мақаласынан бастау алады деп есептейді. Д.С.Лоттенің «Ғылыми техникалық терминологияның кезекті мәселелері» деп аталатын мақаласы терминдердің стандартталуынан басқа термин шығармашылығы, жат сөздеді қабылдау, терминдік сөздер, ұғымдық-терминдік жүйе құру және терминдерді аудару мәселелеріне де назар аударған деп көрсетеді [11, 211]. Орыстың лингвист ғалымдары Г.О.Винокур, А.А.Реформатский де орыс терминологиясының қалыптасуына терминтану ғылымының дамуына айрықша үлес қосқан. Әсіресе Г.О.Винокурдың «Орыс техникалық терминдерінің сөзжасамындағы кейбір жайттары» деген жұмысы маңызды рөл атқарды [12, 132]

Сол кездің өзінде Г.О.Винокур бүгінгі күні өзектілігін жоймған тіл білімінің «терминдердің лингвистикалық табиғаты, терминологияның қалыптасуының ерекшеліктері, атау сөз бен терминологияның арақатынасы» секілді күрделі мәселелерді қарастыра білді [12, 131].

Орыс терминологиялық мектебінің дамуына А.Ф.Лесохин, П.А.Флоренский де ерекше қызмет етті. А.Ф.Лесохинның пікірінше, терминнің ерекшелігі ғылыми ұғымдардың динамикасында екен [13, 42].

Ғалым терминінің ішкі формасын, оның мағыналық мазмұнының сырқы формасымен қауышуы ретінде қарастырады. Ал П.А.Флоренский болса, бірінші кезекте терминнің қызметіне, құрылымына ерекше көңіл бөледі [14, 75].

Орыс ғалымдарымен қатар Кеңес үкіметінің құрамында болған қазақ терминологиясының мәселелері, дербес зерттеулері Ақмет Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы, Қошқе Кеменгерұлы, Халел Досмұхамедұлы, Телқожа Шонанұлы, Құдайберген Жұбанов, Әбдуали Қайдаров, Өмірзақ Айтбаев, Шерубай Құрманбайұлы сында ғалымдардың еңбектерінде айқын жарық көріп өз арнасында дамыды. Тәуелсіздік алған сәттен қазақ терминологиясында жаңашылдықтар көп орын алды. Әлемдік ғылыми тәжірибеге сүйеніп терминді анықтау оны жүйелеу, біріздендіру, стандарттау, нормалау секілді күрделі жұмыстарға ұмтылды. Терминнің сыртқы пішіні мен ішкі сөздік әдеуетін елеп-екшеуге зор мән берілді. Сөздің ұлттық негізін сақтау үрдісі қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі дамуына айқара жол ашты. Әлемдік тәжірибеде бар терминбөлшектер мен морфемдік бірліктер арқылы жаңа термин түзу жұмысы қарқынды дамыды. Мәселен, түрлі салада өнікті қолданылып жүрген бірқатар терминбөлшектерді байқап көрсеңіз *жай, хат, ақы, тек, киім, тас* секілді сөздердің қолданысымен жасалған терминдердің сәтті терминүлгі бола алғандығын байқайсыз.

XX ғасырдың ортасында әлем терминологиялық мектептерінің көтерген ерекші өзекті теориялық мәселесі терминнің табиғатын сипаттауға қатысты болды. Бұл мәселені алғашқы болып көтергендердің қатарында зерттеуші, терминші Р.Г.Пиотровский болды. Бұл дискуссияға қатысқан әлем ғалымдары терминологияның бұдан әрі зерттелу, зерделену бағыттарын айқындай түскен. Терминні ұғымдық-жүйелік қасиеттері, лексикографиялық мәселелері XX ғасырдың 60-80 жылдарында ресейде келесі ғалымдардың зерттеу нысаны ретінде жалғасын тапқан:

Р.А.Булагов, Л.А.Булаховский, В.В.Виноградов, Г.О.Винокур, В.Г.Гак, А.С.Герд, С.В.С.В.Гринев, В.П.Даниленко, В.А.Звегинцев, Т.Л.Канделаки, Л.А.Капанадзе, К.А.Левковская, В.М.Лейчик, А.И.Моисеев, С.Е.Никитина, В.Д.Табанкова, В.А.Татарина, А.М.Терпигорев, С.Д.Шелов және тағы басқалар. Көрсетілген ғалымдардың еңбектерінен орыс терминологиялық мектебі өзінің зерттеу бағытында логикалық, лингвистикалық және философиялық көзқарастарды ұстанғанын анық көруімізге болады. Зерттеу барысында аталмыш ғалымдардың терминдердің мәтін ішіндегі қолданысына, лингвистикалық формасына, пәндік мазмұнына ерекше көңіл бөлінгендігін көре алдық.

Қазақ тіл білімінде Тәуелсіздік жылдарында жазылған терминологиялық еңбектерден өзіндік ұлттық тілге деген бетбұрысты анық байқауға болады. Кеңестік тәртіптен кейінгі терминологиядағы түбегейлі өзгерістерді Б.Қалиев, Ш.Құрманбайұлы, С.Исақова секілді ғалымдардың еңбектерінен көре аламыз. Тілдің ішкі мүмкіндіктерін мейлінше сарқа пайдалану мәселесі XX ғасырдың 90 жылдарынан бастап жаңа қарқын алып аса өзекті саналды. Әрине бұл орайда жаппай аударуға салып терминнің табиғаты тым бұрмаланып, атына заты сай болмай кеткен тұстары, сәтсіз ұсынылған терминүміткер сөздер де кездесті (*қылтима, мүтір, шаптырма*). Дегенмен тың бастамалар мен сәтті ізденістер де аз болмады.

Терминологияда түбір сөздердің бірігуі (*мекенжай, демеуқаржы, галамтор*), кірігуі (*егемен*), тіркесуі (*жеке жай, перне тақта*), жұрнақ арқылы туынды сөз жасау (*екпе, тыңдалым, сақшы*), мағыналық телу (*ағза, самалдық, нұсқаулық*) жолдарымен жасалған жаңа атаулардың қатары өсті.

Қазақ тіл білімінде әлемдік тәжірибеден бөлек өнікті қолданылып жүрген көнерген сөздерді (*қарауыл, айдауыл*), аймақтық сөздерді (*құжат, тінтуір*), кәсіби сөздерді (*қоза,*

қандауыр) мағыналық өрісті кеңейту арқылы терминдеу жолы да сәтті орын алды деп айта аламыз.

XX ғасырдың аяғы XXI ғасырдың басында қазақ терминологиясында болып жатырған терминологиялық үрдістердің көрсетілген бағыттары (терминдердегі жарыспалылық, терминтәріздестердің жиі ұшырасуы, сәтсіз терминүміткер сөздердің болуы т.т.) мен оған қатысты жасалған тұжырымдар бірнеше статикалық материалдарға жүргізілген контент-талдау әдісі арқылы анықталынды. Яғни терминүміткер сөздің қоданылу жиілігі (узуалдылығы), сәтті-сәтсіздігі, тіл заңдылықтарына сәйкестігі, терминталаптарын орындай алуы секілді шектермен талдаулар жүргізілді. Осының барлығы бүгінгі қазақ терминологиясында болып жатырған үдерістердің ұлттық терминологияның жаңа қарқында, ұлттық негізде даму үстінде екендігіне айғақ болды.

Бүгінгі таңда терминтанымның теориялық мәселелелерімен жекелеген ұлттық тіл білімінің мектептері айналысады. Олардың қатарында еуропада танымал болған австро-германиялық, франк-канадалық, ресейлік чех ұлттық мектептері де бар. Арнаулы сипаттағы сөздерді қарастыруда аталмыш мектептер түрліше көзқарас танытып келді. Мәселен, бүгінгі ресейлік, белді терминтанушы маман ретінде танымал болған С.С.Ахманова, С.В.Гринев, В.А.Татаринев секілді ірі ғалымдардың шоғырын «РоссТерм» терминологиялық бірлестігі біріктіріп тұр.

Көптеген ғалымдар терминологияны жеке-дара пән ретінде қарастырып жүр. Терминологияның әлемдегі маңызы күннен күнге артып келеді. Бұған себеп қоғамның, ғылымның дамуы ұлттық терминологияға тікелей байланысты. Қоғамдағы ғылымның даму жағдайын көрсетіп қана қоймайды, бүгінгі саясат пен экономиканың, мәдениеттің маңызды көрсеткішіне айналған.

В.П.Даниленконың пікірінше, тілдегі ешбір терминді сол терминнің қатысы бар саланы ескермей түсіну мүмкін емес [15, 36].

Бұл пікірмен біз де келісе отырып терминологияның бүгінгі тілдегі орны ерекше арнаулы сипаты басым бола түскенін, арнаулы мақсатта ғана қолданылуы, шарттылығы жайында да сөз қозғағымыз келеді. Тіпті терминологиялық лексиканы жалпы әдеби тілден бөлек қарастыру керек деушілер де бар. Өйткені жалпы әдеби тілдің құрамында терминнің тілдік ерекшелігі айқын көріне бермейді. Термин код, шартты нышан, белгі ретінде қарау керек деп бағалайды Алайда термин боп қолданылған атау-ұғымдарды мүлде шектеп әдеби тілден бөле-жара қарауға да болмас. Ең дұрысы – терминологияны тілдегі диалектілер, жаргондар, арго сөздер секілді тілдің бір ерекше арнасы деп қарау керек.

Ұлттық тілдегі өзге де лингвистикалық құбылыстар секілді терминологияда белгілі бір жағдайда, тілдік ортада дамиды. Сондай тілдік орта ретінде ғылым тілін атап көрсетуімізге болады. Өз кезінде терминология да ғылым тілінің қалыптасуына, дамуына негіз саналады, ғылым мен терминология үнемі қатар жүретін ұғымдар. Ғылым тілі өзінің функционалды сөйлеу стилі шеңберінде ерекшеленіп жалпы әдеби тілдің қызметінен өзгешелеу көрініс алады. Мәселен, ғылым тілі – ақиқатты білу тілі, ілімге қол жеткізу құралы деп бағаланып ғылымда бұны гносеологиялық қызметі десе, ғылыми ақпаратты белгілеуді, сақтауды, зерттеу жұмыстары мен практикалық нәтижелерді жариялауды ақпараттық-коммуникативтік қызметі деп атап жүр.

Біздің тарапымыздан терминология бұл еңбекте ғылым тілі ретінде қарастырылып, оның құрылымы, грамматикалық, генетикалық ерекшеліктері зерделенді.

Бірінші кезектен, ғылым тілі біртекті емес, ол жеке-дара өзіндік ерекшелігі бар, үш негізгі қабатты қамтиды: Термин емес лексика, жалпы ғылыми лексика және терминдік лексика. Терминология құрамына байырғы сөздер де өзге тілдің сөздері де бұл тілдегі жаңа сөздер де тар салалық немесе жалпы қолданыстағы сөздер де ескі немесе жаңа

атаулары да кіреді. Егер терминжасам туралы сөз етер болсақ, оның екі түрін көрсетсек болады: Біріншісі – терминбөлшектер арқылы, ал екіншісі – қосымшалардың көмегімен жасалынады. А.А.Потебня айтқандай, дайын лексикалық бірлік түрінде алынған терминдердің алыс және жақын мәні, мағынасы болады [16, 141].

Бұл сөздердің тұрмыстық мән-мағынасын нақты ғылым саласына қатысты елестетіп алуымыз керек. Бұл құбылысты сөздің қарапайым тұрмыстық мәнде ме немесе ғылыми ұғым ретінде ақпарат таратып тұрғандығын анықтап сәйкестендіру маңызды. [16, 145]. Бұл арада неологизмдер мен жүйе аралық омонимдерді қарастырмау керек. В.П.Даниленкоға сүйенсек, терминдердің үш құрылымдық түрін атай аламыз [15, 23]:

Сөз терминдер (негізгі, туынды, күрделі);

1. Сөз тіркесті терминдер: (бөлінетін, бөлінбейтін);

2. Символ-сөздер.

Терминнің құрылымдық ерекшелігіне мән бермес бұрын оның анықтамасына тоқталып өтейік.

Кәсіпаралық қарым-қатынастың базалық бірлігі ретінде терминнің түрлі нұсқадағы анықтамасы бар. А.А.Реформатскийдің анықтамасы бойынша термин – бұл өзінің арнаулылығымен шектелінетін ерекше сөздер: үнемі бір мағыналыққа ұмтылады, ұғымдар мен заттардың атауын дәлірек беруді мақсат етеді [17, 58].

Арнаулы лексиканы түрлі салада зерттеу барысында терминдермен қатар бірнеше лексикалық бірліктердің бар екендігі де анықталып отыр. Мәселен, номендер, профессионализмдер, кәсіби арготизмдер немесе кәсіби жаргонизмдер, терминалды сөздер, терминтәріздес сөздер, терминоидтар, арғы терминдер. Бұл арнайы лексикалардың терминдерге ұқсас белгілері де, ұқсамайтын ерекшеліктері де бар.

Номендер – бұл жеке-дара, дербес ұғымдардың атауы. Сонымен қатар жаппай өнімнің нақты бір түрін номен деп те атайды. Мәселен, автокөлік жалпы термин болса, «мерседес», «ауди» секілді көлік маркалары номен саналады. Номен мен терминнің айырмашылығы номен жеке-дара бір реттік ұғымды білдірсе, термин жалпы ұғымның атауы болып табылады.

Терминалды сөздер – бұл термин ретінде қолданылатын алайда терминнің негізгі талаптарына толық жауап бере алмайтын лексема.

Терминоид – бұл әлі де тұрақтанбаған, біртекті түсініле бермейтін нақты шекаралары белгіленбеген яғни дәл анықтамасы жоқ ұғымның атауы. Сондықтан да терминоид мағыналық дәлдік, мән-мәтіндік дербестік және тұрақты сипат секілді қасиеттері болмайды.

Арғытермин – бұл ғылым саласы пайда болмас бұрын ұлттық тілде қолданылған арнаулы лексемалар (әлемде ең алғашқы арғытерминдер 30-40 мың жыл бұрын пайда болған деп болжанады). Арғытерминдер негізінен күнделікті тұрмыстағы танымды білдіретін сөздер.

Терминдер тек қана терминологиялық тізбекте ғана танылып тұратын арнайы қасиеттерге ие:

- жүйелілік;
- терминдік анықтамасының болуы;
- терминологиялық алаң көлемінде бірмағыналығы;
- экспрессиясының болмауы;
- стильдік бейтараптылық. [18, 13].

Терминнің құрылымдық-мағыналық ерекшелігі тіл білімінің сөзжасам соның ішінде терминжасам негізінде анық көрінеді. Жеке терминологиялық моделдер жасалуы үшін жеке-дара форманттар арнаулы сипатқа еніп терминжасам үрдісін құрай алады. Мәселен, терминнің құрылымын сипаттап беру үшін термин компонентінің ең ұсақ

бөлшегі саналтын терминбөлшектерді атаймыз. Терминдердің басқа сөздерден ерекшелігі олардың бір сөздің мағынасын емес жалпы ұғымды біліретіндігінде. Жалпы ұғымның алуан түрінің болуына байланысты терминдер де бірнеше түрде болуы ықтимал.

Көрсетілген ғылыми тұжырымдар мен анықтамаларды саралай келсек, терминологияны қазақ ғылымында бүгінгі таңда оқытуда әлемдік дәстүрден өзге ұлттық әлеуетті сарқа пайдалану үрдісі, ішкі сөздікқор әлеуетін қолдану, стандарттау мен біріздендіруде ортақ түркілік база құруға ұмтылу секілді өзіндік ерекшелігі ретінде көрсете аламыз.

Қорытынды. Зерттеу барысында терминологияның ғылыми-теориялық негіздері мен терминтаным мәселелері жан-жақты қарастырылды. Бұл жұмыстың негізгі мақсаты – терминология ғылымының даму тарихын, оның тіл біліміндегі орнын және терминжасам үдерісіндегі ғылыми көзқарастарды жүйелеп, нақты ғылыми әдіс-тәсілдер арқылы ұғыну болатын. Нәтижесінде терминологияның тіл білімі мен ғылымдағы маңыздылығы айқын көрінді. Біріншіден, терминологияның пән ретінде оқытылуы ұлттық тілдің ғылыми әлеуетін дамытуда шешуші рөл атқарады. Әрбір ғылыми сала үшін арнаулы лексиканың дұрыс қалыптасуы мен терминологиялық жүйенің дұрыс құрылуы, оның ғылыми мақсаттағы функциясын арттырады. Бұл әсіресе қазақ тілінің ғылым тілі ретінде дамуына айрықша ықпал етеді. Терминологияның дұрыс қалыптасуы мен терминологиялық жүйенің үйлесімділігі ғылым тілінің түсініктілігін және ғылыми ақпаратты дұрыс жеткізу мүмкіндігін арттырады.

Екіншіден, терминология мен терминжасам үдерісінің теориясы мен практикасының сабақтастығы маңызды болып табылады. Жұмыстың нәтижесінде көрсетілгендей, терминологияның ғылыми теориясы, оның тарихы мен қалыптасу кезеңдері, сондай-ақ қазіргі уақытта термин жасаудың әдіс-тәсілдері, қоғамдық сұраныс пен тіл саясатының әсері бойынша зерттеулердің тереңдігі артып келеді. Қазақстанда терминология мәселелеріне қатысты ғылыми жұмыстар қарқынды түрде жүргізіліп жатқанымен, әлі де болса бірнеше мәселелер шешілмей келеді. Олардың ішінде негізгі қиындықтар мамандардың тапшылығы, оқу-әдістемелік құралдардың жетіспеушілігі және терминологиялық білімнің практикаға қажетті деңгейде дамымауы болып табылады. Үшіншіден, терминологияны оқытудың әдістемесі мен оның білім беру жүйесіндегі орны да өзекті мәселелердің қатарында. Бұл ретте жоғары оқу орындарында терминологияны оқытудың тиімді әдістемелік кешенін құру қажеттілігі айқын болды. Теориялық білім мен практикалық дағдылардың үйлесімі, сондай-ақ электронды оқыту құралдары мен интерактивті платформалардың пайдаланылуы терминологияны оқытудың тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Цифрлық ресурстар мен терминологиялық базалардың дамуы, сондай-ақ ақпараттық технологиялардың енгізілуі білім беру саласын жаңғыртуға бағытталған маңызды қадамдар болып табылады. Төртіншіден, халықаралық тәжірибе мен ұлттық терминологияның арақатынасы мәселесі де зерттеу барысында айқындалды. Қазақ және орыс терминологиялық мектептерінің арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды салыстырмалы түрде қарастыра отырып, қазақ тіліндегі терминологияның өзіне тән ерекшеліктері мен қиындықтары анықталды. Бұл тұрғыда Қазақстанның ғылым мен білім саласында терминологияның ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, озық халықаралық тәжірибелерді қолдану қажеттілігі туындайды. Бесінші, тіл мәдениетінің қоғамдық-саяси факторлармен байланысы, сондай-ақ терминологияның ұлттық тілдің дамуындағы рөлі ерекше назарға алынды. Терминология тек ғылым мен білім саласының құралы ғана емес, сонымен қатар тіл мәдениетінің, қоғамның жалпы интеллектуалдық әлеуетінің маңызды көрсеткіші болып табылады. Терминдерді жүйелі түрде жасау және біріздендіру тілдің дамуына, оның

ғылыми қызметін толық жүзеге асыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, зерттеудің нәтижелері терминологияның әрі қарайғы ғылыми зерттеулерді қажет ететін мәселелерін ашып көрсетіп, оның ғылыми пән ретінде оқытылуы мен практикалық қолданылуы арасындағы байланысты тереңірек зерттеуді қажет етеді. Әсіресе терминологияның құрылымдық және семантикалық аспектілерін, терминдердің лексикалық мағынасын және олардың тілдегі функционалдық рөлін зерттеу жұмыстарын жалғастыру маңызды. Бұл зерттеулер тек ғылыми тілдің деңгейін көтеріп қана қоймай, сонымен қатар тіл саясатының дамуына да оң әсер етуі мүмкін. Терминология ғылымы тіл білімінің маңызды саласы ретінде оның ғылыми қызметін дамытуға, білім беру жүйесін жаңғыртуға және ұлттық тілдің халықаралық деңгейде танытуға зор үлес қосуда. Терминологияны зерттеу және оқыту мәселелері қазіргі заман талабына сай терендетілген әдіс-тәсілдермен, саналы түрде жүргізілуі тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 ҚР Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы [Электрон. ресурс]. – URL: <https://termincom.kz/>
- 2 Қайдар, Ә. Қазақ тілінің терминологиялық қоры және ұлт болмысы [Текст] / Ә. Қайдар // Егемен Қазақстан. – 2006.
- 3 Құрманбайұлы, Ш. Терминологиялық мәдениет және ұлттық мүдде [Текст] / Ш. Құрманбайұлы // Егемен Қазақстан. – 2020. – 12 шілде.
- 4 Ахметова, М. Терминология және мемлекеттік тіл саясаты [Текст] / М. Ахметова // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2020. – № 2. – Б. 37–42.
- 5 Бақытжанова, Г. Электрондық оқыту құралдарының терминологияны меңгерудегі рөлі [Текст] / Г. Бақытжанова. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 96 б.
- 6 Қайдар, Ә. Халық – бүгін, тіл – мәңгі [Текст] / Ә. Қайдар. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 248 б.
- 7 Құрманбайұлы, Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография [Текст] / Ш. Құрманбайұлы. – Алматы: Сардар, 2014. – 928 б.
- 8 Сейтенов, А. Терминологияның функционалды аспектілері [Текст] / А. Сейтенов. – Алматы, 2019. – 134 б.
- 9 Мұхамедғалиева, Ә. Терминологиялық білім беру жүйесін жетілдіру мәселелері [Текст] / Ә. Мұхамедғалиева. – Алматы: ҚазҰУ баспасы, 2022. – 118 б.
- 10 Тілеуов, Ж. Ақпараттық технологиялар және терминология [Текст] / Ж. Тілеуов. – Алматы, 2021. – 102 б.
- 11 Лотте, Д.С. Основы построения научно-технической терминологии [Текст] / Д.С. Лотте. – М.: Наука, 1961. – 132 с.
- 12 Винокур, Г.О. О некоторых явлениях словообразования в русском техническом языке [Текст] / Г.О. Винокур // Вопросы языкознания. – 1959. – № 3. – С. 5–11.
- 13 Лесохин, А.Ф. Язык науки и терминология [Текст] / А.Ф. Лесохин. – Л.: Наука, 1970.
- 14 Вюстер, Э. Введение в общую терминологию [Текст] / Э. Вюстер. – Вена: Springer, 1979. – 284 с.
- 15 Даниленко, В.П. Русская терминология: опыт лингвистического описания [Текст] / В.П. Даниленко. – М.: Наука, 1977. – 247 с.
- 16 Потебня, А.А. Из записок по русской грамматике [Текст] / А.А. Потебня. – М.: Языки славянской культуры, 2004. – Т. 1. – 416 с.
- 17 Реформатский, А.А. Проблемы терминологии [Текст] / А.А. Реформатский. – М.: Наука, 1961. – 254 с.

18 Құрманбайұлы, Ш. Қазақ терминологиясының зерттелуі [Текст] / Ш. Құрманбайұлы. – Астана, 2008. – 240 б.

REFERENCES

- 1 Respublikalyk terminologiya komissiyasy janindagy KR Ukimeti [Republican Terminology Commission under the Government of the Republic of Kazakhstan]. Available at: <https://termincom.kz/> – (In Kaz)
- 2 Kaidar, A. Kazakh tilinin terminologiyalyk kory jane ult bolmysy [Terminological Fund of the Kazakh Language and National Identity]. Egemen Kazakhstan. (2006): – (In Kaz)
- 3 Kurmanbaiuly, Sh. Terminologiyalyk madeniet jane ulttyk mudde [Terminological Culture and National Interest]. Egemen Kazakhstan. (2020): July 12. – (In Kaz)
- 4 Ahmetova, M. Terminologiya jane memlekettik til sayasaty [Terminology and State Language Policy]. Kazak tili men adebieti. (2020): No. 2, pp. 37–42. – (In Kaz)
- 5 Bakytjanova, G. Elektrondyk okytu kuraldarynyn terminologiyany mengerudegi roli [The Role of E-Learning Tools in Mastering Terminology]. Nur-Sultan, (2020): 96 b. – (In Kaz)
- 6 Kaidar, A. Halyk – bugin, til – mangi [People Are Today, Language Is Eternal]. Almaty: Ana tili, (1998): 248 b. – (In Kaz)
- 7 Kurmanbaiuly, Sh. Kazakh terminologiyasy: zertteuler, okulyk, sozdik, bibliografiya [Kazakh Terminology: Studies, Textbook, Dictionary, Bibliography]. Almaty: Sardar, (2014): 928 b. – (In Kaz)
- 8 Seitenov, A. Terminologiyany funksionaldy aspektleri [Functional Aspects of Terminology]. Almaty, (2019): 134 b. – (In Kaz)
- 9 Muhamedgalieva, A. Terminologiyalyk bilim beru juiesin jetildirumaseleleri [Issues of Improving the Terminological Education System]. Almaty: KazUU baspasy, (2022): 118 b. – (In Kaz)
- 10 Tileuov, J. Akparattyk tehnologiyalar jane terminologiya [Information Technologies and Terminology]. Almaty, (2021): 102 b. – (In Kaz)
- 11 Lotte, D.S. Osnovy postroeniya nauchno-tehnicheskoi terminologii [Fundamentals of Scientific and Technical Terminology Construction]. Moscow: Nauka, (1961): 132 p. – (In Rus)
- 12 Vinokur, G.O. O nekotoryh yavleniyah slovoobrazovaniya v russkom tehnichestkom yazyke [On Certain Phenomena of Word Formation in the Russian Technical Language]. Voprosy yazykoznavaniya. (1959): No. 3, pp. 5–11. – (In Rus)
- 13 Lesohin, A.F. Yazyk nauki i terminologiya [The Language of Science and Terminology]. Leningrad: Nauka, (1970): – (In Rus)
- 14 Wüster, E. Vvedenie v obshchuyu terminologiyu [Introduction to General Terminology]. Vienna: Springer, (1979): 284 p. – (In Rus)
- 15 Danilenko, V.P. Russkaya terminologiya: opyt lingvisticheskogo opisaniya [Russian Terminology: An Attempt at Linguistic Description]. Moscow: Nauka, (1977): 247 p. – (In Rus)
- 16 Potebnya, A.A. Iz zapisok po russkoi grammatike [From Notes on Russian Grammar]. Moscow: Yazyki slavyanskoi kultury, (2004): Vol. 1, 416 p. – (In Rus)
- 17 Reformatskii, A.A. Problemy terminologii [Problems of Terminology]. Moscow: Nauka, (1961): 254 p. – (In Rus)
- 18 Kurmanbaiuly, Sh. Kazakh terminologiyasynyn zerttelui [Study of Kazakh Terminology]. Astana, (2008): 240 b. – (In Kaz)